

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сенбесін»

Мақсаты: балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің тұтан қаласына, өз еліне құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуге ықпал етеді..

1-апта Достық –біздің тірегіміз (халықтар достығы)			
Денсаулық Дене шынықтыру	Коммуникация Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет	Таным Қарапайым математикалық ұғымдарды алыптастыру Жаратылыстану.Құрастыру	Шығармашылық Сурет салу Музыка
Дене шынықтыру 1.«Жүгіру..Лақтыру.» Шенбердегі өз орнын тауып сапқа кайта тұру және бау қарқында (50-60 сек) жүгіру.Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. Үлкен допты екі қолмен арқаннан, тордан асыра лақтыру	Сөйлеуді дамыту «Дос болайық бәріміз.» Балаларды басқа балабақшадағы, ауладағы балалармен дос болуға баулу, балалармен тілдік қарым- қатынас мәдениетін сақтауға үйрету.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру «Тен заттар.» Тен заттар тобын беттестіру мен тұтастыру арқылы салыстыруға және он, сол бағыттарды анықтауға үйрету	Сурет салу «Өз ойымен сурет салу» Тақырыпқа сәйкес асфальтқа балалардың салған пішіндерімен композиция құрастыруға үйрету
Дене шынықтыру 1.«Лақтыру.Өрмелеу» Шенбердегі өз орнын тауып сапқа кайта тұру және бау қарқында (50-60 сек) жүгіру. Үлкен допты екі қолмен арқаннан, тордан асыра лақтыру.Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу.	Көркем әдебиет «Арыстан мен тышқан» (латын халық ертегісі) Тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп оны эмоционалды қабылдауға, шығарма жанрын ажыратуға үйрету	Құрастыру «Зәулім үйлер.» Ірі және ұсақ құрылыс материалдарын қолданып үлкен үйдің құрылысын құрастыруға үйрету (Ажымдық жұмыс)	Музыка «Достар» Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, әнді сүйемелдеусіз ре-ля октавасының диапазонында орындауға, кимылдың ырғақтықпен орындауға үйрету.
3. Дене шынықтыру «Өрмелеу.» Шенбердегі өз орнын тауып сапқа кайта тұру және бау қарқында (50-60 сек) жүгіру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу.		Жаратылыстану Біз өсімдіктердің досымыз. Өсімдіктерді отырызуға және оларға күтім жасауға шамасы жетерлік әрекетке қатыстыру, олардың өсіп-өнуі үшін қажетті жағдайлар туралы білімдерін кеңейту (жылу, жарық, су, күтім), олармен дос болуға үйрету	Музыка «Әрқашан күн сенбесін» Тыңдалған әуен мазмұнына өзінің көңіл күйін білдіруге, әнді бірге бастап бірге аяқтауға, кимыл қарқынын өзгерте отырып кимылдауға үйрету.